

ӘДЕБИЕТТАНУ

ӨОЖ 821.512.122.09:398(574)

Б. Изол,

аспирант,

И.Арабаев атындағы Кыргыз Мемлекеттік университеті

Бішкек/Кыргызстан

Қазақ-түрік ертегілерінде Тазша бала (Келоглан) бейнесі

Аңдатпа: Мақалада қазақ және түрік әдебиеттеріне ортақ кейіпкер Тазша бала бейнесінің сомдалуы мен қос әдебиеттерде бейнелеуіндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтар зерттеліп, түрік әдебиетіндегі Тазша бала (Келоглан) бейнесіне басты назар аударылып, зерттелген.

Кілт сөздер: Тазша бала, Келоглан, қазақ әдебиеті, түрік әдебиеті, ертегі.

Түркі халықтары мәдениетіне ортақ бейнелердің ішінде Тазша бала бейнесін атап айтуға болады. Бұл ортақ бейненің әр түркі халықтарында өз атауы бар, мысалы, түріктерде Келоглан, қазақтарда Тазша бала, әзірбайжандықтарда Кечел, Кечел Мехеммед, Кечел Жиен, керкүкте Кечелоглан, түрікмендерде Келдже Батыр, Қырымда Тазбала, Алтайда Тас, Тастарақай сияқты аттары бар. Сонымен бірге грузиндер «Таз басты қаз шопан» атауы осы Келоглан бейнесіне қатысты қолданған. Немістерде «Гриндкопф / Голденер» деген кейіпкерлердің Келогланмен кейбір ұқсастықтары байқалады [3, 460 б.].

Сефер Айтекиннің «Қазақ ертегілері» [12] атты кітабында 11 ертегіге орын берілген. «Қырық өтірік» Тазша бала ертегісі болғанымен, бұл жерде оның аты толық берілмей, «жас жігіт» болып аталған. Ертегі аяқталмай қалған сияқты болып көрінеді:

«...Хан таңқалып айқайлайды:

Сенің ертегілерің әлі бітпеген бе?

- Жоо, ұлы хан. Бұл айтқандарым - тек қана басы. Негізгі қырық өтірікке енді келеміз, енді бастаймыз...» дегенде ертегі бітеді. Әрі қарай қырық өтірікке кірмеген.

Тазша бала жайлы ертегілерді алғаш жинақтап, оны жариялағандардың алғашқысы көрнекті орыс ғалымы А.Васильев болатын. Оның жариялаған ертегілерді жинау әдісіндегі кемшілігі - олардың кімнен, қай жерден жазып алынғанын көрсетпеуінде еді. Сол себепті айтылымш ертегілерді айтушыларды анықтау, нұсқалардың таралу аймағын белгілеу қиынға түсіп отыр. Дегенмен, мұның өзі А.Васильев жариялаған ертегі нұсқаларының бағасын әсте кеміте алмаса керек. Бұл үлгілер көптомдық «Ертегілер» жинағына енген 372 қазақ ертегісінің сапында ұлттық рухани дүниеміздің алтын қорын құрап тұр [24].

Қазақ ертегітану (сказковедение) ғылымының тарихы 20-шы жылдардан ертегілерді жинап, оларға анықтама беріп жарыққа шығару ісінен басталады. Ал, ертегілердің ең алғаш зерттелуі қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, әрі оны өзге халықтарға танытушы Ә.Диваевтің есімімен тікелей байланысты. Диваев ұстанған ғылыми бағыттың ерекшелігі – ол қазақтың ертегілерін этнографиялық материал ретінде танып, ұлттық әдет-ғұрыптарды, ұлттық мінез, халықтың дүниеге көзқарасын анықтауды ниет етеді. Өзі жинаған ертегілерінің көбісін «Этнографиялық материалдар» [25] деген атпен жарыққа шығарып жүруі де, ертегілерге қазақтың әдет-ғұрыптарынан мол анықтамалар беруі де соның нәтижесі еді.

Қазақ ертегілерін алғаш топтастыруда едәуір еңбек сіңірген ғалымдардың бірі де М. Әуезов еді. Белгілі ғалым Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген көлемді мақаласында қазақ ертегілерін шартты түрде төменде көрсетілген топтарға жіктейді:

- а) қиял-ғажайып ертегілер,
- ә) хайуанаттар жайлы ертегілер,
- б) тұрмыс-салт ертегілері,

в) балаларға арналған ертегілер,

г) аңыз әңгімелер, күй аңыздары. [22].

Аты жағымсыз (таз) болса да, Тазша пасық, ақымақ, бос сенделуші емес. Бір түрік мақал-мәтелінде «пашы ұзын болғанның ақылы қысқа болады» делінген. Бұдан шығатын нәтиже, пашы қысқа болғанның ақылы көп болса керек. Ал Тазша баланың еш шашының болмағандығын ескерсек, онда ол өте ақылды адам болғаны ғой.

Түркияда, Аданалық баспаханашы Хасан Аййылдыз М.Сайт Четинерден, мысалы Тазша баланың анасын қазанға қалай қойғандығын түсіндіретін бірнеше күлдіргі әңгіме жазуын өтінеді. Четинер, «Келогланның махаббаты» [6] атты кітап жазады. Автор кітабының ішіндегі әрбір бөлімін түрік мақал-мәтелдерімен бастап отырады. Сонымен бірге автор бұл кітабында Тазша баланың өлең мен әнге деген бейімділігіне, қабілеттілігіне назар аударту үшін кітабын бірнеше өлеңмен әшекейлеген.

Четинер, кітабының басында-ақ кейіпкерін бізге халықтың қиялындағыдай етіп суреттеп береді. «Молда, өте ақылды. Даусының әдемілігі секілді жақсы да саз (шығыс халықтарының шекті аспабы) тарта алады. Асыл аты Хасан болған Тазша, имам Али Хожаның баласы. Имам болған әкесінің әрдайым Балыкесірдің таулы аймақтарындағы ауылдарын аралап жүргендігі үшін ұлының нақты қай ауылда туылғандығын айту өте қиын. Анасы Фатма ханым, Капакчалы руынан Үшпынарлы Хасан Төренің қызы болған. Кішкентай Хасанға нағашы атасының аты берілген. Алайда, атасының аты еш аталмайды, өйткені оны қарақшы болған деседі. Хасан өсіп, ақылды, сымбатты, қара шашты жігіт болған екен ... Бірақ жеті жасында ішсүзек ауруына шалдығып, шаптары түсе бастайды. Таз басы көрінбесін деп, басынан бас киімін (фес) тастамаған. Кейіннен оны жолдастары мазактап, оған Тазша бала атын берген екен.»

Тазша бала ертегілерінің сипаты жайлы осы күнге дейін зерттеу жұмыстарының өте аз орындалғандығы сияқты, Тазша бала тұлғасы жайлы да шынайы және ғылыми жұмыстар өте мардымсыз. Бірақ бұл ертегілердің мәдениет, тарих және салт-дәстүр жағынан маңыздылығына назар аудартқан және Тазша бала ертегілерін жинақтаған кейбір жұмыстардың атқарылғандығы белгілі.

Осы жұмыстардың басында Наки Тезелдің «Келоглан ертегілері» [19] атты шығармасын атап көрсетуге тұрарлық. Бұл кітаптың кіріспе бөлімінде ертегілермен байланысты қысқа бір бағалаудан кейін ертегі мәтіндері берілген.

Наки Тезелдің бір басқа шығармасы «Түрік ертегілерінде» 12 Тазша бала ертегісіне орын берілген [20].

1922 жылы Зия Гөкалп, Диярбакырда шығарған «Кючюк Межмуа» атты журналда 7 халық ертегісін жариялайды. Оның ішінде 2 ертегі Тазша бала ертегісі [7, 44 б.].

Тахир Алангу «Түркия фольклоры қол кітапшасы» атты еңбегінде Тазша бала ертегілері жайлы көзқарасын білдіре отырып, бұл ертегілердің «Мифтен азаттық-шындыққа бағытталуды» айтып түсіндіретінін жазады. Бұл жерде Тахир Алангу бір шындықты да баса айтады: «Халық ертегілерін оқып жатқанда өзімізді ертегі әлемінде, ал Тазша бала ертегілерін оқып жатқанда өзімізді осы дүниеде сезінеміз» [2, 77 б.].

Кейіннен Тахир Алангу «Келоглан ертегілері» [1] атты кітабында Тазша бала ертегілерін жинақтауға тырысқан. Кітаптың соңында берілген «Соңғы сөзде» автор Тазша бала ертегілері мен олардың түрлері жайлы зерттеу жұмыстарының қорытындысын жариялай отырып, осы жұмыстарды әрі қарай кең көлемде дамыту керектігін айтады.

Невзат баспа үйі шығарған, М. Шахиннің жинақтаған «Келоглан ертегілері» [13] атты кітапта Тазша баламен байланысты ертегілер берілген. Автор, кітаптің басында қысқаша Тазша жайлы мәлімет бере отырып, оны «Түрік халық ертегілерінің ең сүйкімді кейіпкерлерінің бірі...» дейді де, «Тазша бала, көне Түріктердің «атсыз» деп ортаншы баласына берген есімі» деген бір көзқарасты алға тартады.

Хаккы Өзкан ұзын және сабырлы бір еңбегінің соңында ортаға шығарған «Келогланның бакыты» [16] атты кітабында Тазша бала ертегілерін жаңаша жазып шығады. Біздерді жаңа, заманымызға тән бір Тазшамен таныстырады. Кітапта Тазша баламен байланысты төрт ертегі берілген.

Хаккы Өзканның бір баска «Келоглан ертегілері» атты кітабында [15, 33 б.] Тазша баламен байланысты екі ертегі тәркіленген. Олар: «Келоглан ертегілері» және «Келогланның сиқырлы сыбызғысы».

С.Метин Йеткили «Келоглан және ең тамаша ертегілері» [21] атты еңбегінде Тазшаның барлық ертегілерін жинақтауға тырысқан.

Нуман Каргал, Бурса, Адапазари және осы қалалардың төңірегінен (халық аузынан) жинақтаған ертегілерді «Келогланның ақылды келіні» [11], «Арыстандай Келоглан» [9], «Келоглан келді» [10] атты кітаптарында жариялайды.

Бұлардан баска зерттеу жұмыстарымен шұғылданғысы келетіндер үшін, көбіне барлық ертегілердің талдануымен ортаға шыққан, бірақ ішінде Тазша бала ертегілерімен байланысты өте маңызды және назар аударарлық еңбектердің де бар екендігін ескергеніміз жөн.

Бұлардың басында халық әдебиетшісі П.Н. Боратовтың «Заман заман ішінде» [5] атты еңбегін айтуға болады. Кітаптың «Кіріспе» бөлімі ертегі зерттеушісі үшін өте маңызды. Өйткені бұл жерде білім адамының ертегі, ертегі тақырыбы мен тілі жайлы маңызды пікірлері берілген. Тұлғалардан сөз қозғағанда да П.Н. Боратов «Ертегілерімізде Тазша бала, біздің анекдоттарымыздағы Қожанасыр менен қиял ойындарымыздағы Қаракөздің орнын басқан», - дейді. Сонымен бірге Боратов кітабында әртүрлі ертегі кітаптарынан да мысалдар келтіреді.

П.Н.Боратовтың бір баска «Аз гиттик уз гиттик» еңбегінде 48 ертегі мәтіні берілген. Бұл кітаптың соңына қосымша қойылған «Түрік ертегісі жайлы» бөлімде автор, ең көне дәуірлерден бастап жазба әдебиетіміздегі ертегінің орны және оның әдебиеттің баска түрлерімен болған байланысы жайлы бір бағалау жасаған. Автор ертегі зерттеулерінен сөз қозғап жатып: «...Кейбіреулер тек қана халық әдебиетінің туындысы ретінде түрік ертегілерін оқырмандарға ұсынса, мен әрі жалпы ертегі оқырманына, әрі халық білімі зерттеулерінде түрік ертегісінен пайдалана білулері үшін ұсынамын...», - дейді [4, 421 б.].

Нури Танер «Түрік Фольклор Зерттеулері» журналында жариялаған мақаласында ертегілердің жалпы библиографиясын береді. Бұл еңбекте ертегілер жинақталған аудандарына қарай топтастырылған [18, 359].

Осылармен бірге Саим Сакаоглының «Гюмюшхане ертегілері» [17] атты шығармасын да айтып көрсетуге болады. Кітап кіріспеден баска төрт бөлімнен тұрады. Бұл бөлімдерде автор Гюмюшхане төңірегінен жинақтаған ертегілерге орын берген. Сонымен бірге Сакаоглы бұл еңбегінде ертегілерді бір жүйеге қойып зерттеуге тырысқан.

Сакаоглы кейіпкерлерді адамдар, хайуандар және таңғажайып болмыстар деп үш бөлімде қолға алған. Адамдар бөлімі өз ішінде тағы да үшке бөлінген: сарай және лауазым адамдары, дін адамдары және қарапайым халық өкілі. Қарапайым халық өкілін: кейбір типтер, төрелер және мырзалар, байлар мен кедейлер, мамандар, өз ісінің ұсталары және жанұялар деп алтыға бөлген. Міне осы жерде автор Тазша баланы «кейбір типтер» категориясына жатқызады.

Сакаоглы бұл еңбегінде әрбір ертегідегі Тазша баланың сипатын айқындап беріп отырған.

Умай Гюнай «Элазыг ертегілері» [8] атты докторлық диссертациясында, «Келоглан мен Дию», «Келоглан» сияқты Тазша ертегілеріне орын берген. Автор жинақтаған ертегілерді В.Я.Пропттың методикасына қарай зерттеп, талдап, олардың ортақ құрылыс ерекшеліктерін айқындаған.

Қысқасы, Қорқыт-Ата ертегілері мен Түрік ертегі мәтіндерінің шығу тегін XV ғасыр деп білсек, Тазша баланың бар екендігі білінген ең көне Көроғлы жырып XII ғасырдан кейінге апара алмаймыз.

Қорыта келгенде, Тазша бала тек қана ертегілерге тән болып және онымен шектеліп қана қоймай, халық әдебиетінің баска тармақтарына жайылып, осы жолмен халық тілінде және халық есінде маңызды бір орынға ие болған.

Фольклорист және әдебиетшілердің осыған қарап, тіпті кейбір көне көзқарастарға да сене отырып, Тазша бала тұңғасын, тек қана түріктерге тән жергілікті және ұлттық деп айтуларының қате екендігін осы жерде айта кету жөн деп білеміз. Түрік ертегілерін жинақтаушы Мажар (венгр) И.Кунос, 1907 жылы *«басына ішек-қарын киіп алған Келогланды»* түрік халық ертегілеріне тән бір

бейне деп қабылдаған болатын [14, 65 б.]. “Адакале түрік ертегілерінде” (кіріспе бөлімінде) де бұл жазу жиі-жиі қайталанады [14, 4 б.].

Ертегілер және осыған жақын халық ауыз әдебиеті өнімдерінің - бәрінен бұрын ертегі тақырыптарының, мотивтерінің және бейнелерінің - сауда, көш және соғыс жолдарымен кең алақа таралғанын көрсететін монографиялық зерттеулердің бары белгілі. Түрік халықтары ертегілерінің ұқсастығы, тіл шекарасын асып, жол байланысы болған географияға жайыла бастаған. Бір деректен бастау алып, шет тілдерінің көмегімен өте алыстарға дейін жол тапқан халық аңыздарының қалай болғанда да оп-оңай бір тілден екіншісіне өткендігі жайлы қызықты зерттеулер бар. Барлық тілдердегі ертегі нұсқаларын халық әдебиеті архивтерінен жинақтаған, бұларды каталогтаған, мысалдарды салыстырған ертегі зерттеушілері, енді бір ертегінің тарих бойынша жүріп өткен жолын оңай тауып, картасын сызып, өту және таралу дәуірін схема түрінде көрсетіп, ертегінің осы жолда не себепті және қандай өзгерістерге ұшырағандығын айта алатындай болды. Осылайша ертегі тақырыптарының, мотивтерінің және бейнелерінің қайсысының ұлттық, қайсысының ауысып келгендігі айқындала түсті. Мұндай ертегілер басқа ұлттарға қарағанда, түрік халықтарында байытылып, сүйіспеншілікке бөлінді.

Әдебиеттер

- 1 Alangu T. Keloğlan Masalları. - İstanbul: Keloğlan yayınları, 1967. - 506s.
- 2 Alangu T. Türkiye Folkloru El Kitabı. - İstanbul: Adam yayıncılık, 1983. - 128 s.
- 3 Alangu T. Keloğlan masalları / Mitostan kurtuluş-gerçeğe yöneliş, Türk Dili (Türk Halk Edebiyatı Özel Sayısı), cilt XIX, Sayı: 207. - Ankara: Aralık, 1968. - 516 s.
- 4 Boratov P.N. Az Gittik Uz Gittik. - Ankara: Bilgi basımevi, 1969. - 557 s.
- 5 Boratov P.N. Zaman Zaman İçinde. - İstanbul: Yükselen matbaası, 1958. - 295 s.
- 6 Çetiner M.S. Keloğlan'ın Aşkı. - İstanbul: 1940. - 113 s.
- 7 Gökalp Z. Küçük Mecmua. 1922, № 3
- 8 Günay U. Elazığ Masalları (Doktora Tezi). -Erzurum: Atatürk Üniversitesi Basımevi, 1975. -275 s.
- 9 Haz. Kartal N. Arslan Keloğlan. - İstanbul: Yuva yayınları, 1987. - 137 s.
- 10 Haz. Kartal N. Keloğlan Geldi. - İstanbul: Koza yayınları, 1978. - 180 s.
- 11 Haz. Kartal N. Keloğlan'ın Allı Gelini. - İstanbul: Çeltüt matbaacılık, 1976. - 186 s.
- 12 Kazak Masalları (çev. Aytekin S.) - Ankara: Emek Basım-Yayınevi, 1958. - 94 s.
- 13 Keloğlan Masalları (Der. Şahin M). - Ankara: Nevzat yayınevi, 1977. - 122 s.
- 14 Kunos İ. “Materialen zur Kenntnis des Rumelischen Türkisch”. Teil 1-2, Turkischen Volksmaerchen aus Adakale. L-2. - Leipzig: 1907
- 15 Özkan H. Keloğlan Masalları. - İstanbul: Şilliler yayınları, 1992. -110 s.
- 16 Özkan H. Keloğlan'ın Talihi. - İstanbul: Nil yayınları, 1980. - 98 s.
- 17 Sakaoğlu S. Gümüşhane Masalları. - Ankara: Sevinç matbaası, 1973. - 962 s.
- 18 Taner N. Türk Folklor Araştırmaları Dergisinde Yayımlanan Masalların Toplu Bibliyografyası (sayı 1-366). - İstanbul: Anadolu Sanat, 1985. - 473 s.
- 19 Tezel N. Keloğlan Masalları. - İstanbul: 1938. - 186 s.
- 20 Tezel N. Türk Masalları (2. kitap). - İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1971. - 124 s.
- 21 Yetkili S.M. Keloğlan ve En Güzel Masalları. - İstanbul: Şenyıldız yayınevi, 1991. -198 s.
- 22 Ауезов М., Соболев Л. “Эпос и фольклор казахского народа.” - Алматы: Литературный критик. 1940.
- 23 Қазақ әдебиетінің тарихы. I бөлім. - Алматы: 1948
- 24 Қазақ ертегілері. III том. - Алматы: “Жазушы” баспасы, 1964. - 495 б.
- 25 Этнографические материалы. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области, вып. I-XV, 1891-1915.

Resume

The article compares the aspect of the image is considered Tazsha bala in Kazakh and Turkish (in Turkish Keloglan) folklore. Particular attention is drawn to the general, and the national identity of the image Tazsha bala.

Özet

Makalede Kazak ve Türk edebiyatlarındaki görüntünün yönü Tazşa bala (Türkçe Keloğlan) rölü karşılaştırılarak araştırılmış. Özellikle Türk edebiyatındaki Tazşa bala görüntüsüne daha çok dikkat verilmiş.

Резюме

В статье сопоставительном аспекте рассматривается образ Тазша бала в казахском и турецком (по турецкий Келоглан) фольклорах. Особое внимание обращается на общих чертах, и национального своеобразия образа Тазша бала.

ӘОЖ 821.512.122.09

Н.Смайлова,
ф.ғ.д., профессор,
Іле педагогикалық университеті
Құлжа/Қытай

Райханның «Тұрымтай» жинағының көркемдік ерекшелігі

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті әйел акыны Райхан Ібінқызының «Тұрымтай» жинағындағы нақтылы өлеңдерді мазмұндық, формалық жақтан лирика түріне бөліп алып, көркемдік ерекшелігіне жүйелі түрде зерттеу жасалады, сондай-ақ көркемдегіш тәсілдерінің қолданылуы рөлі туралы сөз болады.

Кілт сөздер: «Тұрымтай» жинағы, көркемдік ерекшелік.

Белгілі көркем шығарманың дүниеге келуіне автор таныған қоғамдық әлеуметтік орта себеп болады. оның талантының ұшталуы, жасампаздық табиғаты жасаған тіршілік ортасымен, тәрбие көрген ортасымен тіке қатысты болатыны көптеген ғалым, қаламгерлердің өмірінде кездеседі.

Райхан Ібінқызы 1938 - жылы қарашада Еренқабірға баурайындағы Қытай елінің Шиньжияңның сауан ауданының Желдауан деген жерінде дүниеге келген. Шешесі оқуға жеттік адам болып, баласын әкесі аң аулап, құс қуып кеткен кезде үйде зеріктірмеу үшін үнсіз өзінің жатқа білетін «жиһанша», «сал- салдың соғысы» сияқты ұзақ қисаларды, Біржан мен Сараның, Әсет пен Ырысжанның айтысын және басқа ертегі, аңыз-әңгімелерді баласы ұйқыға кеткенше ақтарыла айтып отырады екен. Ол қысы қара өлең, ата өлең, тау өлең, балық өлең, отырық өлең, қайым өлең және жұмбақ-жаңылтпаш, жарапазан, ежік өлең, беташар, көріс, дауыс айту, бесік жыры, шешендік сөз, сарын қатарлы ауыз әдебиетінің алуан түрін қаршадай баланың құлағына құйып, көкірегіне ұялатып отырыпты.

Міне, анасының осындай жақсы тәлімі болашақ ақынның көңіліне терең ұялап, ой-сезіміне терең тербеніс тудырып, оқу оқып, өмір тани бастаған кезде-ақ әдебиетке деген құштарлығын арттырады. Орта мектептің соңғы жылдарында қолына қалам алып, мектеп қабырға газеттеріне жақсы өлеңдер жазуына жебеуші болады әрі ақын көңіліне сезімдік негіз қалайды.

Қарамайлының шіліңгір жазын, қытымыр қысын басынан бала күнінен өткерген ақын Қарамайлыдан май шыққанын естігенде жастық сезімі жалындап тұрған болашақ ақын аса қуанышты сезіммен жүрек жарды өлеңін былай деп жазады: